



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

ОҚУҒА ТҮСУ БОЙЫНША ГИД



ADMISSION HANDBOOK

*Өзгермелі әлемде
басқаруды үйретеміз*

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ БОЙЫНША

МАЗМҰНЫ

Академиядағы модульдік оқытудың артықшылықтары.....	2
Академиялық күнтізбе	3
Маңызды күндер	5
Құжаттардың тізімі	6
Білім беру бағдарламалары және оқу ақысы.....	7
Конкурстық іріктеу кезеңдері	8
Аналитикалық эссе	9
Сұхбат	10
QAZAQ RESMI TEST: талаптар, құрылымы және дайындық.....	11
Халықаралық ынтымақтастық.....	12
Жиі қойылатын сұрақтар	13



АКАДЕМИЯДАҒЫ МОДУЛЬДІК ОҚЫТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Модульдік оқыту – бұл оқыту мазмұнын модульдер деп аталатын шағын блоктарға бөлуге негізделген оқыту әдісі. Оқу жылы 6 модульден тұрады, олардың әрқайсысында офлайн және қашықтықтан оқыту форматтары қарастырылған. Бұл тәсіл білім алушыларға материалдың жекелеген бөліктерін ыңғайлы қарқынмен және негізгі жұмыстан қол үзбей арнайы кесте бойынша оқып-зерделеуге мүмкіндік береді.

Модульдік оқытудың артықшылықтары:

Тиімділік: Модульдер оқыту қарқыны оқу мазмұнын барынша тиімді игеруге мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастырылған.

Жеке тәсіл: Барлық оқу кезеңі ішінде оқытушылар мен үйлестірушілердің икемді қолдауы.

Біркелкі жүктеме: Модульдер біркелкі бөлінеді, бұл материалды игеруді жеңілдетеді.

Практикалық қолдану: Алған білім мен дағдыларды әрбір модуль аяқталғаннан кейін бірден тәжірибеде қолдану мүмкіндігі.

**МАГИСТРАТУРАНЫҢ ЕМРА-2025, MRD-2025 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
БОЙЫНША 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ
(ҚЫСҚЫ ҚАБЫЛДАУ)**

1-МОДУЛЬ (2026 жылғы 5 қаңтар - 14 ақпан) - 6 АПТА

Теориялық оқыту, МЭЗЖ (офлайн) (2 апта)	Теориялық оқыту, МЭЗЖ (онлайн) (3 апта)	Сессия (онлайн) (1 апта)
2026 жылғы 5 - 17 қаңтар	2026 жылғы 19 қаңтар - 7 ақпан	2026 жылғы 9 - 14 ақпан

2-МОДУЛЬ (2026 жылғы 16 ақпан - 28 наурыз) - 6 АПТА

Теориялық оқыту, МЭЗЖ (офлайн) (2 апта)	Теориялық оқыту, МЭЗЖ (онлайн) (3 апта)	Сессия (онлайн) (4 күн)
2026 жылғы 16 - 28 ақпан	2026 жылғы 2 - 21 наурыз	2026 жылғы 25 - 28 наурыз

3-МОДУЛЬ (2026 жылғы 30 наурыз - 30 мамыр) - 9 АПТА

Практика (2 апта)	Практика бойынша есептерді қорғау (онлайн)	Теориялық оқыту, МЭЗЖ (офлайн) (2 апта)	Теориялық оқыту, МЭЗЖ (онлайн) (3 апта)	Сессия (онлайн) (1 апта)
2026 жылғы 30 наурыз - 11 сәуір	2026 жылғы 13 - 17 сәуір	2026 жылғы 20 сәуір - 2 мамыр	2026 жылғы 4 - 23 мамыр	2026 жылғы 25 - 30 мамыр

4-МОДУЛЬ (2026 жылғы 1 маусым - 11 шілде) - 6 АПТА

Теориялық оқыту, МЭЗЖ (офлайн) (2 апта)	Теориялық оқыту, МЭЗЖ (онлайн) (3 апта)	Сессия (онлайн) (1 апта)	Жазғы демалыс (5 апта)
2026 жылғы 1 - 13 маусым	2026 жылғы 15 маусым - 4 шілде	2026 жылғы 7 - 11 шілде	2026 жылғы 13 шілде - 15 тамыз

5-МОДУЛЬ (2026 жылғы 17 тамыз - 9 қазан) - 8 АПТА

Теориялық оқыту, МЭЗЖ (офлайн) (2 апта)	Теориялық оқыту, МЭЗЖ (онлайн) (2 апта)	Сессия (онлайн) (1 апта)	Тағылымдама (2 апта)	Тағылымдама бойынша есептерді қорғау (онлайн)	Магистрлік жобаларды алдын ала қорғау - 1 (офлайн)
2026 жылғы 17 - 29 тамыз	2026 жылғы 31 тамыз - 12 қыркүйек	2026 жылғы 14 - 19 қыркүйек	2026 жылғы 21 қыркүйек - 2 қазан	2026 жылғы 5 - 9 қазан	2026 жылғы 24 - 29 тамыз


6-МОДУЛЬ (2026 жылғы 5 қазан - 7 қараша) - 4 АПТА

Теориялық оқыту, МЭЗЖ (офлайн) (1 апта)	Теориялық оқыту, МЭЗЖ (онлайн) (2 апта)	Сессия (онлайн) (1 апта)	Магистрлік жобаны дайындау (онлайн) (6 апта)	Магистрлік жобаларды алдын ала қорғау - 2 (онлайн)	Қорытынды аттестаттау (офлайн) (магистрлік жобаларды қорғау)	Диплом тапсыру
2026 жылғы 12 - 17 қазан	2026 жылғы 19 - 31 қазан	2026 жылғы 2 - 7 қараша	2026 жылғы 9 қараша - 19 желтоқсан	2026 жылғы 19 - 24 қазан	2026 жылғы 21 - 23 желтоқсан	2026 жылғы 28 желтоқсан

* Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (МЭЗЖ), магистрлік жобаны орындауды қоса алғанда, теориялық оқытумен қатар барлық оқыту кезеңінде жүргізіледі



МАҢЫЗДЫ КҮНДЕР



Құжаттарды тапсыру жүйесі:
admission.apa.kz

1. Мемлекеттік органның жолдамасы (мемлекеттік қызметшілерге)*.
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық нұсқасы.
3. Қосымшасы бар жоғары білімі туралы құжаттың сканерленген нұсқасы.
4. B1-ден төмен емес деңгейдегі QAZAQ RESMI TEST (www.qrt.kz) немесе ҚАЗТЕСТ (www.kazakhtest.kz) сертификаты (шетелдік азаматтарды қоспағанда).
5. Мемлекеттік қызмет персоналы жөніндегі автоматтандырылған бірыңғай дерекқордан (ақпараттық жүйеден) алынған немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған (мемлекеттік қызметшілер үшін) қызметтік тізім, өзге үміткер үшін – еңбек қызметін растайтын құжат.
6. Өтініш (ЭЦҚ-мен қол қойылған). Шетелдік азаматтар үшін өтініштің сканерленген нұсқасы.

**Мемлекеттік қызметшілер үшін жолдамаға үміткерді атқаратын лауазымына тағайындауға құқығы бар лауазымды адам қол қояды, бұл ретте дипломатиялық қызмет қызметкерлерінің – мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жолдамасына сыртқы саяси қызмет саласындағы ведомство аппаратының басшысы қол қоятын жағдайлар есептелмейді.*



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОҚУ АҚЫСЫ

Мемлекеттік басқару – Executive Master of Public Administration	Басшылық лауазымдағы жалпы еңбек өтілі - кемінде екі жыл	2 135 000
Өңірлік даму – Master of Regional Development	Жалпы еңбек өтілі - кемінде екі жыл	2 255 000

Бағдарламалар мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдеріне, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, сондай-ақ мәслихат депутаттарына - Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен арналған.

КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ БОЙЫНША БАЛЛДЫҢ ҮЛЕС САЛМАҒЫ

	Іріктеу кезеңдері	Үлес салмағы
1.	Аналитикалық эссе жазу	30%
2.	Сұхбат	70%

Қорытынды баллды есептеу конкурстық іріктеудің екі кезеңі бойынша баллдың үлес салмағын ескере отырып жүргізіледі. Академияға оқуға қабылдау туралы шешім конкурстық іріктеу кезеңдерінен сәтті өткен үміткердің қорытынды бағасы негізінде қабылданады.



АНАЛИТИКАЛЫҚ ЭССЕ

Аналитикалық эссе - бұл белгілі бір мәселе бойынша жеке ой-пікірі (ұстанымы) мен талдауын білдіретін еркін жазбаша жұмыс және ол кәсіби қызмет саласынан хабардарлығын анықтауға бағытталуы мүмкін.

Аналитикалық эссе мынадай үш құрылымдық компоненттен тұруы керек:

- 1) Кіріспе. Кіріспе мәселені нақтылап, өз ой-пікірін (тезисін) ұсынудан, дәлелдеуге арналған контекстті жеткізуден тұрады.
- 2) Негізгі бөлім. Негізгі бөлім өз тезисін түсіндіруден, белгіленген мәселе бойынша ағымдағы жағдайды, қолданыстағы заңнамалық негіздерді, дәлелдемелерді сипаттау және дәлелдер келтіруден, мәселені шешу жолдарын ұсынудан тұрады.
- 3) Қорытынды. Қорытындыда бастапқы ойды (тезисті) түйіндеу бойынша тұжырымдар келтіріледі.

Аналитикалық эссенің көлемі 1000 сөзден аспауы тиіс.

Аналитикалық эссе кестеге сәйкес Жеке кабинет арқылы онлайн форматта жазылады, процесс бейнежазбаға жазылып, прокторинг жүйесімен қамтамасыз етіледі. Аналитикалық эссеге 60 минут беріледі.

Аналитикалық эссені бағалау критерийлері:

- 1) Білімнің тереңдігі. Таңдалған дайындық бағдарламасы жайлы білімі, кәсіби қызметтегі білімін қолдану, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білу және талдау.
- 2) Сараптауы (аналитикасы). Дәлелдеу және дәлелдеме келтіру, мәселені шешу бойынша идеяларды синтездеу.
- 3) Құрылымдылығы, нақтылығы және ықшамдылығы. Құрылымға сәйкес болу, жеткізу стилі, рефлексия.
- 4) Сауаттылығы. Грамматикалық және стилистикалық қателіктердің болмауы, дәйексөздерді, дереккөздерге сілтемелерді келтіру деңгейі.

СҰХБАТ

Сұхбаттың мақсаты үміткерлердің кәсіби және жеке құзыреттерінің деңгейін, оқуға деген ынтасын, мемлекеттік басқару жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, нормативтік құқықтық актілер мен заңнаманы білу деңгейін айқындау болып табылады.

Сұхбат қазақ және орыс тілдерінде ауызша жүргізіледі және процесс бейнежазбаға жазылады.

Сұхбат үміткердің Жеке кабинетінде көрсетілген кестеге сәйкес офлайн форматта жүргізіледі. Бір үміткермен сұхбат жүргізу уақыты 20 минуттан аспайды.

Сұхбатты бағалау критерийлері:

- 1) Білімнің тереңдігі. Толық, егжей-тегжейлі, негізделген жауап. Өзінің кәсіби қызметінің бағыты бойынша хабардар болу деңгейі - жоғары. Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды терең білу және талдау.
- 2) Өзін-өзі дамытуға ұмтылу. Нақты білім мен дағдыларды алуға деген ынтасы, бағдарламаны таңдау және Академияға түсу мотивтері, өздерінің күшті және әлсіз жақтарын білу. Оқу аяқталғаннан кейін алынған кәсіби құзыреттерді қолдану перспективалары туралы пайымы (көзқарасы).
- 3) Стратегиялық ойлау. Саланың ұзақ мерзімді даму үрдістерін түсіну, мүмкіндіктер мен жетістіктің сыни факторларын көре білу. Тәуекелдерді және оларды жеңу жолдарын анықтау. Белгісіздік деңгейі жоғары жағдайларда жұмыс істеу тиімділігі.
- 4) Коммуникативтік дағдылар (екі тілде: қазақ, орыс). Жүйелілік пен логика, жеткізудегі дәлелділік, негізделген тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар. Өз көзқарасын қысқаша, репрезентативті және толық жеткізе білу. Әңгімелесушіні әңгімеге тарта білу, жақсы әсер қалдыру (өзін көрсете білу қасиеті). Эмоциялық күйін бақылау.

QAZAQ RESMI TEST: ТАЛАПТАР, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ДАЙЫНДЫҚ

QAZAQ RESMI TEST – бұл онлайн тестілеу. Сіз өзіңізге ыңғайлы уақытта кез келген жоғары жылдамдықтағы интернет байланысы бар компьютерден **QAZAQ RESMI TEST** тапсыра аласыз.

Тест 5 бөлімнен тұрады, барлық бөлімдерден рет-ретімен өту керек. Сіз QR код арқылы сайтқа кіріп, тіркеуден өтіп, тегін сынақ тестілеуіне қол жеткізе аласыз.

	Бөлімнің атауы	Орындау уақыты
1.	Тыңдалым	10 минутқа дейін
2.	Лексика-орфография	10 минутқа дейін
3.	Оқылым	15 минутқа дейін
4.	Жазылым	15 минутқа дейін
5	Сұхбат	10 минутқа дейін
	Барлығы:	60 минутқа дейін

Академия QRT тестін тапсыруға дайындық бойынша келесі кестеге сәйкес арнайы курстар өткізеді:

Курстарға жазылу	Курстар
28.10 - 04.11	10.11 - 25.11



Сынақ тестілеуінен өту



QRT дайындық курсына жазылу

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Академия өзінің 30 жылдық қызметінде мемлекеттік басқару және мемлекеттік саясат саласындағы әлемнің жетекші университеттерімен жемісті қарым-қатынас жасап, **АҚШ, Бельгия, Италия, Франция, Финляндия, Сингапур, Түркия, БАӘ, Литва, Қытай, Болгария, Ресей Федерациясы, Грузия, Үндістан, Орталық Азия елдері, Әзірбайжан** және басқа елдердегі шетелдік әріптестерімен тығыз ынтымақтастық орнатты.

Академия **NISPAcee** (The Network of Institutes and Schools of Public Administration in Central and Eastern Europe) және **ASPA** (American Society for Public Administration) секілді халықаралық қауымдастықтардың мүшесі бола отырып, **Erasmus+** халықаралық жобаларды іске асыруға белсене қатысады. Академия іс-шараларға мен конференцияларға қатысып, халықаралық деңгейдегі серіктестік қатынастарды нығайтуды жүзеге асырады.

Негізгі халықаралық серіктестер



WATER DIPLOMACY
PROJECT ERASMUS +
101082976 - HWCA
ERASMUS-EDU-2022-CBHE



Co-funded by
the European Union



ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР (FAQ)

Модульдік білім беру бағдарламалары бойынша кімдер оқи алады?

Оқыту Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдері, квазимемлекеттік сектор субъектілері және мәслихат депутаттары үшін қолжетімді.

Модульдік бағдарламалар бойынша оқу ұзақтығы қандай?

Оқу мерзімі – 12 ай. Оқу жылы 6 модульге бөлінген. Әрбір модуль күндізгі (офлайн) форматтағы 2 апта оқу мен 4-5 апталық қашықтықтан оқудан тұрады. Сонымен қатар бағдарлама өндірістік практиканы, тағылымдамадан өтуді және магистрлік жобаны қорғауды қамтиды.

QAZAQ RESMI TEST (QRT) қалай өтуге болады?

Тест тапсыру үшін:

1. qrt.kz сайтында тіркелу;
2. Қатысу ақысын төлеу;
3. Кез келген ыңғайлы уақытта онлайн тестілеуден өту қажет.

Тіркелгеннен кейін таңдалған білім беру бағдарламасын өзгертуге бола ма?

Иә, таңдалған бағдарламаны құжаттарды қабылдау аяқталғанға дейін, яғни ағымдағы жылдың 30 қарашасына дейін admission.apa.kz ақпараттық жүйесінің жеке кабинетінде өзгертуге болады.

Сұхбатта қандай сұрақтар қойылады?

Әңгімелесуде мыналар бағаланады: кәсіби және жеке құзыреттіліктер; оқуға ынтасы; мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды білу; Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін білу.

Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін растайтын сертификаттың жарамдылық мерзімі, мысалы ағымдағы жылғы қараша айында аяқталатын болса, оны ұсынуға болады ма?

Иә, сертификат құжаттарды тапсыру кезеңінде оны жүйеге жүктеген уақытта жарамды болуы керек.

ҚЫСҚАША ЖАЗБАЛАР ҮШІН

This image shows a single sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

010000 Астана, Абай д. 33а
+7 7172 75 32 68
info@apa.kz

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ

+7 7172 75 31 62; +7 7172 75 33 95;
+7 7172 75 34 43
admission@apa.kz

БІЗДІҢ РЕСМИ САЙТ



apa.kz

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ



admission.apa.kz

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР:



<https://www.facebook.com/academyofpublicadministration>



www.instagram.com/@apa.kz